ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 5 тамыз № 5165-24-00-2/1363 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Д.А.Бейсембекова
сот отырысының хатшысы Б.Ә.Байзақтың хатшылығында,
ашық сот отырысында аудио-, бейнежазба құралдарын, «WhatsApp» мессенджерін пайдалана отырып қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ИП ШЕРХАН» атынан Шерхан Қалданұлы Жүнайт

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Асанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 12 сәуірде тараптар арасында № 38 санды электронды түрде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі – № 38 Шарт) түзіліп, қазынашылық органда тіркелген.

Шарттың қосымшасына сай жауапкер 2024 жылы бекітілген жұмыс кестесінде көрсетілген мерзімде, яғни тапсырыс берушінің сұранысы бойынша келісім шартқа қол қойғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде атқаруға міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер қызметтерді көрсетпей, өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір келтірмеген.

Талап қоюшы өкілі А.Асанов талап қоюды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Жуапкер сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарлана тұра келмеді, алайда телефонограмма арқылы талап қоюды мойындайтынын, қанағаттандыруға қарсы емес екенін айта келе, жазбаша арыз жазудан бас тартты.

Сот істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабына сәйкес жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай № 38 Шарт 2024 жылдың 12 сәуірден бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарттың талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

№ 38 Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшада көрсетілген шартқа, талапқа сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетенеді.

№ 38 Шартың қосымшасымен қамтылған шартқа сай жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап тапсырыс берушінің сұранысы бойынша келісім шартқа қол қойғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде Түркістан облысы, Талқанбаев көшесі, № 911А (4) мекенжайға жеңіл автомобиль үшін, жазғы, радиалды, тоғын диаметрі 16 (215/70 R16) жаздық шинаны жеткізіп беру бойынша қызметтер жұмыстарын орындауға тиіс болған.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Бейсембекова Д. А., 17.09.2024

Сотта анықталғандай, жауапкер № 38 Шартта көрсетілген өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан.

Демек, қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық орындамаған. Аталған мәнжай талап қоюшының сотта берген жауабымен, істегі дәлелдемелермен бекиді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 72-бабына сәйкес сот талап қоюшының талабы ұсынылған дәлелдемелеріне сәйкес заңды және негізді деп табады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ИП ШЕРХАН» атынан Шерхан Қалданұлы Жүнайт мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ИП ШЕРХАН» атынан Шерхан Қалданұлы Жүнайттен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Бейсембекова Д. А., 17.09.2024

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Бейсембекова Д. А., 17.09.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

5165-24-3-1/1329